

**"Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №  
216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 21 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 наурызда № 13432 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 30 шілдедегі № 363 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.07.2016 № 363 бұйрығымен**

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10905 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 мамырда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларында :

2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі *В. Школьник*

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ *Е. Досаев*

2016 жылғы 8 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 22 қаңтардағы  
№ 21 бұйрығына  
қосымша  
Парниктік газдар  
шығарындыларына квоталар  
беру қағидаларына  
2-қосымша  
нысан

(парниктік газдар шығарындыларына сертификат беретін органның атауы)

## **Парниктік газдар шығарындыларына СЕРТИФИКАТ**

Осы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-3-бабына сәйкес берілген сертификат \_\_\_\_\_

(қондырғы операторының атауы)

БСН \_\_\_\_\_

(занды мекенжайы)

Өндірістік объектінің (қондырғының) атауы \_\_\_\_\_

Төмендегі қызмет түрлері бойынша \_\_\_\_\_

(қызмет түрлері көрсетіледі)

парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі оның міндеттемелерін орындау және Квота бөлудің ұлттық жоспарына сәйкес көміртегі бірліктерін саудалауға қатысу мақсатында парниктік газдар шығарындыларына \_\_\_\_\_ жылдарға \_\_\_\_\_ тонна мөлшерінде рұқсат алғандығын куәландырады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-4-бабының 1-тармағына сәйкес қосымша квота көлемі:

есептік кезеңге.

Сертификатты тапсыру мерзімі: 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ дейін.

Тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен расталған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 502 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11818 тіркелген) парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысандарына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есеп есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне \_\_\_\_\_ дейінгі \_\_\_\_\_ мерзімде \_\_\_\_\_ ұсынылады.

Мониторинг \_\_\_\_\_ сәйкес жүргізіледі (Қондырғыға қолданылатын мониторинг стандарттарын көрсете отырып, мониторинг талаптары (қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган \_\_\_\_\_ бекіткен \_\_\_\_\_ әдістемелер))

Басшы (уәкілетті адам) \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә.(оның болған жағдайда)

М . . . . .

\_\_\_\_\_ қаласы Берілген \_\_\_\_\_